

**"Азаматтық қызметші болып табылатын және Ақтөбе қаласының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 3823 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 4 наурыздағы № 901 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 сәуірде № 4853 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2018 жылғы 5 қарашадағы № 6643 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 05.11.2018 № 6643 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18, 139 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 3823 " Азаматтық қызметші болып табылатын және Ақтөбе қаласының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4185 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 ақпанда "Ақтөбе", "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар **е н г і з і л с і н :**

қаулының кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18, 139 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :** " .

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Әлімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қала әкімі  
Ақтөбе қалалық мәслихаты  
хатшысының міндетін атқарушы,  
сессия төрағасы

Б.Сағын

А.Мырзалин

Қала әкімдігінің  
2016 жылғы 4 наурыздағы  
№ 901 қаулысына қосымша  
Қала әкімдігінің  
2014 жылғы 15 желтоқсандағы  
№3823 қаулысына қосымша

## **Азаматтық қызметші болып табылатын және Ақтөбе қаласының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

№	Лауазымдар атауы
п/п	
	<b>Әлеуметтік қамсыздандыру саласы мамандарының лауазымдары:</b>
1.	Үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің меңгерушісі
2.	Әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесші
3.	Қарттар мен мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер
4.	Психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер
5.	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман
	<b>Білім беру саласы мамандарының лауазымдары:</b>
1.	Білім беру ұйымдарының барлық мамандықтағы мұғалімі
2.	Жалпы білім беретін, мектеп-балабақша кешенінің, қосымша білім беру ұйымдарының директоры (басшысы, меңгерушісі)
3.	Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі
4.	Шығармашылық шеберхананың жетекшісі (білім беру ұйымдарында)
5.	Дене тәрбиесінің жетекшісі (білім беру ұйымдарында)
6.	Алғашқы әскери даярлық жетекшісі, оқытушы – ұйымдастырушысы
7.	Жалпы білім беретін мектептердің, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарындағы директордың (басшысының) ғылыми, оқу, оқу-тәрбие, оқу-әдімтемелік, бейіндік, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
8.	Оқу-консультация пунктінің меңгерушісі

9.	Лагерьдің (қорғаныс-спорттық, сауықтыру, мектеп, еңбек және демалыс) бастығы
10	Білім беру ұйымдарының әдіскері, аға әдіскер
11	Кітапхана меңгерушісі, кітапханашы
12	Педагог-психолог
13	Әлеуметтік педагог
14	Логопед мұғалімі
15	Ұйымдастырушы педагог
16	Қосымша білім педагогі
17	Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін мұғалім (дефектолог)
18	Аға тәрбиеші, тәрбиеші (білім беру ұйымдарында)
19	Балалардың мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісі
20	Оқу-тәрбие, оқу өндірістік қызметімен тікелей айналысатын дене тәрбиесінің нұсқаушысы
21	Медициналық бике
22	Ем-дәм бикесі
23	Аға тәлімгер, тәлімгер
24	Хореограф
25	Зертханашы
26	Көркемдік жетекші
27	Компьютерлік бағдарламаларды қамтамасыз етуші маман
28	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымы тәрбиешісінің көмекшісі
	<b>Мәдениет саласы мамандарының лауазымы:</b>
1.	Директор
2.	Суретші безендіруші
3.	Музыка жетекшісі
4.	Көркемдік жеткші
5.	Әдіскер
6.	Хореограф

7.	Менеджер
8.	Балаларға арналған бұқаралық шараларды ұйымдастырушы әдіскер
9.	Дыбыс режиссері
10	Концертмейстер
11	Кітапхана филиалдарының меңгерушісі
12	Кітапханашы
13	Мәдени демалыс қызметі жөніндегі менеджер
14	Халық шығармашылығы мен демалыс қызметі бөлімінің меңгерушісі
15	Халық шығармашылығы мен демалыс қызметін дамыту жөніндегі әдіскер
16	Балалармен жұмыс жасайтын әдіскер
<b>Ветеринария саласы мамандарының лауазымдары:</b>	
1.	Ветеринарлық пункт меңгерушісі
2.	Ветеринарлық дәрігерлер
3.	Ветеринарлық санитарлар